

Кредиттік серіктестіктердің Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне ай сайын баланс пен пруденциалдық нормативтерді және басқа сақталуға міндетті нормалар мен лимиттерді есептеу үшін қосымша мәліметтер беру тәртібі туралы нұсқаулықтар бекіту туралы

Күшін жойған

Қаулы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банк Басқармасы 1999 жылғы 3 шілде N 217 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1999 жылғы 23 қыркүйекте тіркелді. Тіркеу N 909. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқарамасының 2002 жылғы 23 желтоқсандағы N 508 қаулысымен.

Кредиттік серіктестіктер қызметін реттейтін нормативтік құқықтық базаны жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы
қ а у л ы е т е д і :

1. Кредиттік серіктестіктердің Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне пруденциалдық нормативтерді және басқа сақталуға міндетті нормалар мен лимиттерді есептеуге қажетті ай сайын баланс пен қосымша мәліметтер беру тәртібі туралы нұсқаулық бекітілсін және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап күшіне енгізілсін.

2. Заң департаменті (Шәріпов С.Б.) Банктік қадағалау департаментімен (Жұмағұлов Б.Қ.) бірлесіп осы қаулыны және Кредиттік серіктестіктердің Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне пруденциалдық нормативтерді және басқа сақталуға міндетті нормалар мен лимиттерді есептеуге қажетті ай сайын баланс пен қосымша мәліметтер беру тәртібі туралы нұсқаулықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркеуден өткізсін.

3. Банктік қадағалау департаменті (Жұмағұлов Б.Қ.) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап екі апта мерзімде осы қаулыны және Кредиттік серіктестіктердің Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне пруденциалдық нормативтерді және басқа сақталуға міндетті нормалар мен лимиттерді есептеуге қажетті ай сайын баланс пен қосымша мәліметтер беру тәртібі туралы нұсқаулықты Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің облыстық филиалдарына және кредиттік серіктестіктерге жіберсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары М.Т. Құдышевке жүктелсін.

Төрағасы

Қазақстан Республикасының
 Ұлттық Банкі Басқармасының
 1999 жылғы 17 шілдедегі
 N 217 қаулысымен бекітілген
 Кредиттік серіктестіктердің
 Қазақстан Республикасының
 Ұлттық Банкіне күн сайынғы баланс
 пен пруденциалдық нормативтерді
 және басқа сақталуға міндетті
 нормалар мен лимиттерді есептеу
 үшін қосымша мәліметтер беру
 тәртібі туралы
 Н ұ с қ а у л ы қ қ а

N 1 Қосымша

Ескерту: Қосымшаның кестесі толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1999 жылғы 25 желтоқсандағы N 436 қаулысымен .

Р R ! B S !

А т а у ы

8 001 Несиелер, овердрафтар, вексельдер, факторинг, форфейтинг, жедел депозит және бір клиент немесе өзара байланыстағы клиенттер тобы ұсынған қаржы лизингі плюс осы клиенттің немесе өзара байланыстағы клиенттер тобына байланысты берілген баланстан тыс міндеттемелер сомасы минус клиенттің осы кредиттік серіктестіктегі депозиттегі ақшасы, мемлекеттік құнды қағаздар, Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілдігі, сондай-ақ тізбесін Ұлттық Банктің Басқармасы бекіткен кез-келген рейтингтік агенттіктердің "А" санатынан төмен түспейтін ұзақ мерзімді, қысқа мерзімді және/немесе жеке рейтингке ие банктер мен қаржы ұйымдарының кепілдігі түріндегі міндеттемелері бойынша қамтамасыз ету сомасы бойынша кредиттік серіктестіктер алдындағы борыштардың жиынтық сомасы

8 002 Несиелер, овердрафтар, вексельдер, факторинг, форфейтинг, жедел депозит және кредиттік серіктестіктің акционерлерінің қатысушыларының) қаржы лизингіне

ұсынылған плюс осы клиенттерге байланысты берілген баланстан тыс міндеттемелер сомасы минус клиенттің осы кредиттік серіктестіктегі депозиттегі ақша, мемлекеттік құнды қағаздар, Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілдігі, сондай-ақ тізбесі Ұлттық Банктің Басқармасы бекіткен кез-келген рейтингтік агенттіктердің "А" санатынан төмен түспейтін ұзақ мерзімді, қысқа мерзімді және/немесе жеке рейтингке ие банктер мен қаржы ұйымдарының кепілдігі түріндегі міндеттемелері бойынша қамтамасыз ету сомасы бойынша кредиттік серіктестіктер алдындағы борыштардың жиынтық сомасы

8 005 Талап ету сомаларына қатысты 2229 есепшотына есептелетін
а қ ш а с о м а с ы

8 006 Орындау мерзімі көрсетілмеген міндеттемелерге қатысты
2 5 5 2 е с е п ш о т ы

8 007 Орындау мерзімі көрсетілмеген міндеттемелерге қатысты
2 8 5 1 е с е п ш о т ы

8 008 Орындау мерзімі көрсетілмеген міндеттемелерге қатысты
2 8 5 2 е с е п ш о т ы

8 009 Орындау мерзімі көрсетілмеген міндеттемелерге қатысты
2 8 5 4 е с е п ш о т ы

8 010 Орындау мерзімі көрсетілмеген міндеттемелерге қатысты
2 8 5 5 е с е п ш о т ы

8 011 Орындау мерзімі көрсетілмеген міндеттемелерге қатысты
2 8 5 6 е с е п ш о т ы

8 012 Орындау мерзімі көрсетілмеген міндеттемелерге қатысты
2 8 6 0 е с е п ш о т ы

8 013 Орындау мерзімі көрсетілмеген міндеттемелерге қатысты
2 8 7 0 е с е п ш о т ы

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
1999 жылғы 17 шілдедегі
N 217 қаулысымен

Бекітілген

**Кредиттік серіктестіктердің Қазақстан
Республикасының Ұлттық Банкіне ай сайын баланс пен
пруденциалдық нормативтерді және басқа сақталуға
міндетті нормалар мен лимиттерді есептеу үшін қосымша
мәліметтер беру тәртібі туралы
Нұсқаулық**

Осы Нұсқаулық Қазақстан Республикасы Президентінің " Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы ", "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Заң күші бар Жарлықтарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жасалған. Нұсқаулық кредиттік серіктестіктердің Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне (бұдан әрі - Ұлттық Банк) ай сайын баланс пен пруденциалдық нормативтерді және басқа сақталуға міндетті нормалар мен лимиттерді есептеу үшін қосымша мәліметтер беру тәртібін белгілейді.

1-тарау. Кредиттік серіктестіктердің ай сайын баланс және қосымша мәліметтер беру тәртібі

1. Кредиттік серіктестіктер есеп беріп отырғаннан кейінгі әрбір келесі айдың бірінен кешіктірмей Ұлттық Банкке:

- 1) N 1 нысан бойынша бухгалтерлік балансты;
- 2) N 1 "Кіріс және шығыс" нысанына N 1 қосымшаны;
- 3) N 1 "Шартты және ықтимал талаптар мен міндеттемелер" нысанға N 2 қосымшаны;

- 4) N 1 "Балансқа меморандум есепшоты" нысанына N 3 қосымшаны;
- 5) N 2 нысан бойынша қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері туралы есепті;

б) пруденциалдық нормативтерді және басқа сақталуға міндетті нормалар мен лимиттерді есептеу үшін мәліметтерді (осы Нұсқаулыққа қосымша) беріп отырады .

2. Кредиттік серіктестіктер өздерінде бар электрондық байланыс құралы (шақыруы "alm statistika" X-400) арқылы баланстарды, оларға қосымшалар мен балансқа толықтыру мәліметтерін (бұдан әрі - баланс) тікелей Ұлттық Банктің Есептеу жұмысы департаментіне (бұдан әрі - Есептеу жұмысы департаменті) б е р е д і .

Электрондық байланыс құралдары болмаған жағдайда аймақтық кредиттік

серіктестіктер балансты жоғарыда көрсетілген мерзімде тұратын жері бойынша Ұлттық Банктің облыстық филиалына беріледі.

Ұлттық Банктің облыстық филиалы осы ақпаратты өздерінде бар электрондық байланыс құралы арқылы жергілікті уақыт бойынша келесі жұмыс күні сағат 16-ға дейін Есептеу жұмысы департаментіне жібереді.

3. Қағазға жазылып, бірінші басшы мен бас бухгалтер (немесе олардың қол қоюға құқығы бар орынбасарлары) қол қойған және кредиттік серіктестік мөрмен куәландырған баланс электронда жазылған баланспен бір мезгілде арнайы (фельдъегерлік) байланыс немесе шабарман арқылы Ұлттық Банктің Банктік қадағалау департаментіне (бұдан әрі - Банктік қадағалау департаменті), сондай-ақ кредиттік серіктестіктердің тұратын орны бойынша Ұлттық Банктің облыстық филиалына жіберіледі.

Алматы қаласының және Алматы облысының аумағында орналасқан кредиттік серіктестіктер, Талдықорған аймағынан басқасы, қағазға жазылған балансты тікелей Банктік қадағалау департаментіне жібереді.

Алматы облысының Талдықорған аймағына орналасқан кредиттік серіктестіктер қағазға жазылған балансты Ұлттық Банктің Алматы филиалына жібереді.

4. Есептеу жұмысы департаменті кредиттік серіктестіктер электрондық байланыс арналары арқылы ұсынған ақпаратты қабылдайды және өңдейді. Кредиттік серіктестіктер Ұлттық Банкке балансты электрондық байланыс құралдары бойынша ұсынғаннан кейін Есептеу жұмыстары департаменті келесі күнгі сағат 11-ден кешіктірмей электрондық байланыс арналары бойынша алынған ақпаратты өңдеудің нәтижелерін Банктік қадағалау департаментіне жібереді.

5. Банктік қадағалау департаменті қағазға жазылған ақпараттың дұрыс ресімделуін және толықтығын тексереді, қағазға жазылған баланстарды Есептеу жұмысы департаментінен алынған мәліметтерді өңдеудің нәтижелерін ескере отырып, олардың сәйкестігін кредиттік серіктестіктер электрондық байланыс құралдары арқылы жіберген мәліметтермен тексереді. Кемшіліктер (сәйкес келмеу) байқалған немесе басқа ескертпелер болған жағдайда Банктік қадағалау департаменті бұл туралы кредиттік серіктестікке хабарлайды. Кредиттік серіктестік ескертпелерді ескере отырып, оларды түзету үшін Банктік қадағалау департаменті белгілеген мерзімде балансты Ұлттық Банкке жіберуге міндетті.

6. Кредиттік серіктестік бұрынғы ұсынылған ақпаратты нақтылау және толықтыру үшін кредиттік серіктестіктің бірінші басшысы және бас бухгалтері (немесе олардың қол қоюға құқығы) бар орынбасарлары) қол қойған мәліметтердің сипаты мен өзгерістерін көрсете отырып, шабарман немесе қолда бар байланыс арнасы бойынша Банктік қадағалау департаментіне хат жібереді.

2-тарау. Қорытынды ережелер

7. Кредиттік серіктестік балансты бермеген немесе осы Нұсқаулықтың 2 тармағында көрсетілген мерзімді бұзған, сондай-ақ ақпараттар толық және/немесе дәл жіберілмеген жағдайда кредиттік серіктестікке банк заңдарында белгіленген ықпал етудің шектеулі шаралары мен сакциялар қолданылуы мүмкін.

8. Осы Нұсқаулықпен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарымен реттеледі.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК